

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

"Қазақстан қор биржасы" АҚ
Басқармасының шешімімен
(2024 жылдың 17 қыркүйегіндегі
№ 107 отырыс хаттамасы)

б е к і т і л д і

2024 жылдың 01 қазанынан бастап
қолданысқа енгізілді

Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу **ӘДІСТЕМЕСІ**

ТҮЗЕТУЛЕР ПАРАҒЫ

1. № 1 толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2025 жылдың 03 сәуіріндегі № 32 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2025 жылдың 10 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

2. № 2 өзгерістер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2025 жылдың 22 мамырындағы № 47 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2025 жылдың 02 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді.

3. № 3 өзгерістер мен толықтырулар:

- "Қазақстан қор биржасы" АҚ басқармасының шешімімен (2026 жылдың 12 ақпанындағы № 15 отырыс хаттамасы) бекітілді;
- 2026 жылдың 01 сәуірінен бастап қолданысқа енгізілді.

Осы Әдістеме "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – Биржа) есептейтін қор нарығының индекстері мен индикаторларының тізбесін және осы индекстер мен индикаторларды есептеу тәртібін анықтайды, сондай-ақ міндеттері қор нарығының индикаторларын есептеу үшін тізімдер мен параметрлерді қалыптастыру, сондай-ақ қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемелерін жетілдіру мәселелері бойынша сараптамалық тезистерді қалыптастыру болып табылатын Биржаның Басқармасы жанындағы тұрақты жұмыс істейтін алқалы органның – Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің (бұдан әрі – Комитет) ерекше өкілеттіктерін анықтайды.

1 тарау. ЖАЛПЫ ҚАҒИДАЛАР

1 бап. Жалпы қағидалар

1. Осы Әдістемеде Биржаның басқа ішкі құжаттарында анықталған ұғымдар пайдаланылады.
2. Осы Әдістеменің мақсаттары үшін:
 - 1) корпоративтік облигациялар деп мемлекеттік бағалы қағаздар эмитенттерін және халықаралық қаржы ұйымдарын қоспағанда, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденті деп танылатын заңды тұлға эмитенті болып табылатын кез келген борыштық бағалы қағаздар түсініледі;
 - 2) мәмілелер деп Биржа өткізетін сауда-саттықта жасалған мәмілелер түсініледі;
 - 3) өтінімдер деп Биржа өткізетін сауда-саттықта мәмілелер жасасуға арналған өтінімдер түсініледі;
 - 4) қандай да бір қаржы құралы үшін нәтижелі күн деп Биржаның сауда-саттық жүйесінде осы қаржы құралымен ең болмағанда бір мәміле жасалған күн түсініледі;
 - 5) "таза" баға деп ол бойынша жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген борыштық бағалы қағаздың бағасы түсініледі;
 - 6) сауда-саттық күні деп параметрлері тиісті индекстің немесе индикатордың есебіне енгізілген атаулардың қаржы құралдары бойынша сауда-саттық күні түсініледі;
 - 7) мүдделі тұлғалар деп қор нарығында тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі бар және Комитеттің мүшелері болып табылмайтын және индекстерді және/немесе индикаторларды қалыптастыру процесіне қатысатын тұлғалар түсініледі.
3. Биржа қор нарығының мынадай индекстері мен индикаторларын (бұдан әрі – индекстер және/немесе индикаторлар) есептейді:
 - 1) акциялар нарығын капиталдандыру;
 - 2) KASE Индексі – Қазақстан Республикасының резиденттері – неғұрлым ірі және қаржылық тұрақты компаниялар шығарған Биржаның ресми тізімінің неғұрлым өтімді акцияларының жиынтық нарықтық құнының өзгеруін көрсететін акциялар нарығының индексі;
 - 2-1) KASE_TR индексі – KASE Индексі акциялары бағасының өзгеруін және KASE индексі тізіміне кіретін акциялардың жиынтық дивидендтік табысын көрсететін акциялар нарығының индексі (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2025 жылдың 22 мамырындағы шешімімен енгізілген*);

- 3) Биржада сатылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық номиналдық құны және жиынтық нарықтық құны;
- 4) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелмей (біріктірілген индекстер) және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген индекстері: бір жылдан кем (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес жылдан бастап және одан көп (l), өзіне серияларды қамтитын:
 - KZGB_CP* – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағасының индексі;
 - KZGB_DP* – мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кірісінің баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
 - KZGB_Y* – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
- 5) 31 күннен бастап және одан астам өтеу мерзімі бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері (тіркелген тізімі бар индекстер):
 - KZGB_CPM1m – жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
 - KZGB_DPM1m – мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кірісінің баға индексі (есептелген және төленген купондық төлемді ескере отырып);
 - KZGB_YM1m – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
 - индекстің дюрациясы, жылдармен;
 - индекстің түрлендірілген дюрациясы;
- 6) корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құны;
- 7) KASE_BM* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индекстері:
 - KASE_BMY – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигациялар кірістілігінің индикаторы;
 - KASE_BMC – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағаларының индексі;
- 8) KASE_ESGB* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индекстері:
 - KASE_ESGB_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін Биржаның ресми тізімінің орнықты даму облигацияларының (ESG-облигациялар) "таза" бағалар индексі;
 - KASE_ESGB_DP – есептелген купондық сыйақы мен қайта инвестицияланған купондық төлем ескеріле отырып, бағалар бойынша есептелетін Биржаның ресми тізімінің орнықты даму облигациялары (ESG-облигациялар) "лас" бағаларының индексі;
 - KASE _ESGB_Y – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
 - облигациялар индексінің дюрациясы, жылдармен;
- 9) бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы;

10) халықаралық рейтинг агенттіктері берген BBB- деңгейінен төмен емес кредиттік рейтингі бар, теңгемен номинацияланған корпоративтік облигациялар нарығының KASE_KZ3BUP* сериясының индекстері:

- KASE_KZ3_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін облигациялардың "таза" бағаларының индексі;
- KASE_KZ3_TR – есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып, бағалар бойынша есептелетін облигациялардың жиынтық табысының индексі;
- KASE_KZ3_Y – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
- KASE_KZ3_DUR – индекстің дюрация, жылмен;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген)

11) халықаралық рейтинг агенттіктері берген BBB- деңгейінен төмен емес кредиттік рейтингі бар, АҚШ долларымен номиналданған корпоративтік облигациялар нарығының KASE_US3BUP* сериясының индекстері:

- KASE_US3_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағалар бойынша есептелетін облигациялардың "таза" бағаларының индексі;
- KASE_US3_TR – есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып, бағалар бойынша есептелетін облигациялардың жиынтық табысының индексі;
- KASE_US3_Y – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
- KASE_US3_DUR – индекстің дюрация, жылмен;

(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген)

2 бап.

Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеудің жалпы шарттары

1. Бағалы қағаздар бойынша жабу бағаларын қоспағанда, қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу үшін Биржа параметрлері осындай есептеулер мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың өкілетті тізімдерін қалыптастырады.

Индекстер мен индикаторларды есептеу тәртібі осы Әдістеменің 3–8 баптарында келтірілген.

2. Бір атаудағы бағалы қағаздардың KASE Индексінің немесе корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының мәніне әсері осы Әдістемеді анықталған шектеу коэффициентін пайдалану жолымен шектеледі.

3. Қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу KASE Индексін есептеу үшін (осы мәмілелердің орындалуына қарамастан) өкілетті тізімде тұрған атаулардың акцияларымен мәмілелердің жасалуына қарай акциялар бойынша сауда-саттық күні ішінде есеп айырысу жүзеге асырылатын KASE Индексін қоспағанда, бағалы қағаздар бойынша сауда-саттық күні аяқталғаннан кейін күн сайын жүзеге асырылады.

4. Мәндері математикалық дөңгелектеу ережелеріне (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін артады) сәйкес дөңгелектелген үтірден кейін төрт таңбаға дейінгі дәлдікпен есептелетін және жарияланатын KASE_BMC, KASE_ESGB_CP, KASE_ESGB_DP, KASE_US3_CP, KASE_US3_TR, KASE_KZ3_CP, KASE_KZ3_TR индекстерін қоспағанда, қор нарығының индекстері мен индикаторларының мәндерін Биржа математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша (беске дейінгі сандар нөлге дейін азаяды, ал бес және одан жоғары сандар онға дейін артады) дөңгелектеу арқылы үтірден кейін екі таңбаға дейінгі дәлдікпен есептейді және жариялайды *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

Биржада сатылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық атаулы құнының және жиынтық нарықтық құнының мәндері математикалық дөңгелектеу ережелері бойынша дөңгелектеп үтірден кейін екі белгіге дейінгі дәлдікпен миллиард теңгемен жарияланады (беске дейінгі цифрлар нөлге дейін азайтылады, ал бестен және одан жоғары цифрлар онға дейін ұлғайтылады). Ақпараттық мақсаттар үшін Биржа осы мәндерді Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есеп айырысу күніндегі ресми бағамы бойынша өзге шетел валютасында жариялай алады.

5. Индекстер мен индикаторларды есептеу кезінде:
- 1) егер индексті немесе индикаторды есептеу тәртібінде өзгеше анықталмаса, Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Сауда-саттық өткізу әдістері туралы қағидада (бұдан әрі - Қағида) анықталғандай, ашық сауда-саттық әдісімен жасалған мәмілелер пайдаланылады;
 - 2) репо операцияларына жататын мәмілелердің параметрлері, сондай-ақ осындай мәмілелерді жасасуға арналған өтінімдердің параметрлері пайдаланылмайды;
 - 3) шетел валютасында көрсетілген бағалы қағаздардың, мәмілелер мен өтінімдердің параметрлері есеп айырысу күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша қазақстандық теңгемен қайта есептеледі;
 - 4) егер осы индексті немесе индикаторды есептеу тәртібінде өзгеше көзделмесе, индекстелген бағалы қағаздардың, осындай бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің және осындай бағалы қағаздармен мәмілелер жасауға арналған өтінімдердің индекстелген параметрлері пайдаланылады;
 - 5) орналастырылған бағалы қағаздардың санын және еркін айналыстағы акциялардың санын осы бағалы қағаздарға рұқсаттама бастамашысынан оның Биржаның алдындағы ақпаратты ашу жөніндегі міндеттері шеңберінде немесе өзге де ресми көзден алған ақпаратқа сүйене отырып, Биржа анықтайды.
6. Сауда-саттық күні ішінде параметрлері индексті немесе индикаторды есептеу үшін қажетті бағалы қағаздар бойынша мәмілелер немесе өтінімдер болмаған кезде, егер осы индексті немесе индикаторды есептеу тәртібінде өзгеше көзделмесе, осындай параметрлерді анықтауға болатын соңғы нәтижелі күннің деректері пайдаланылады.

2 тарау. ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАРДЫ ЕСЕПТЕУ ТӘРТІБІ

3 бап.

Акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу

1. Акциялар рыногын капиталдандыруды есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – акциялардың өкілетті тізімі) Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан, Биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаудағы акциялардың ішінен әрбір жеке атаудағы акцияларға қатысты мынадай барлық шарттарды орындаған кезде қалыптастырады:
 - 1) Биржаның осы атаудың орналастырылған акцияларының саны туралы ақпарат алуы;
 - 2) Биржаның осы атаудағы акциялармен сауда-саттық ашуы. Сауда-саттықты тоқтата тұру акцияларды акциялардың өкілетті тізімінен шығару үшін негіз болып табылмайды;
 - 3) эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент ұйымы болып танылатын заңды тұлға болуға тиіс;
 - 4) егер өкілетті тізімде осы эмитенттің жай акциялары болмаса, акциялардың өкілетті тізіміне эмитенттің артықшылықты акцияларын енгізуге болмайды.
2. Акциялар Биржаның ресми тізімінен шығарылған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан акциялардың өкілетті тізімінен шығарылады. Артықшылықты акциялар осы эмитенттің жай акцияларын Биржаның ресми тізімінен алып тастау кезінде Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан акциялардың өкілетті тізімінен алып тасталады.
3. Акциялар нарығын капиталдандыру мына формула бойынша есептеледі:

$$CAP_s = \sum_{i=1}^n (Q_i \times \bar{P}_i), \text{ мұнда}$$

CAP_s – акциялар нарығын теңгемен капиталдандыру;

n – өкілетті тізімдегі акциялар атауларының саны;

Q_i – i -атаудағы орналастырылған акциялардың данамен саны (оларды эмитент сатып алғандарды шегергенде);

\bar{P}_i – акциялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күні ішінде жасалған мәмілелер бойынша i -атаудағы бір акцияның орташа сараланған бағасы, теңгемен.

4. Эмитентті капиталдандыру мына формула бойынша есептеледі:

$$CAP_i = \sum_{j=1}^n (Q_{ij}^{ord} \times P_{ij}^{ord}) + \sum_{j=1}^m (Q_{ij}^{pref} \times P_{ij}^{pref}), \text{ мұнда}$$

CAP_i – i -эмитентті теңгемен капиталдандыру;

n – i -эмитенттің жай акциялар шығарылымдарының саны;

m – i -эмитенттің артықшылықты акциялар шығарылымдарының саны;

Q_{ij}^{ord} – i -эмитенттің j -шығарылымның орналастырылған жай акцияларының данамен саны (олардың эмитенті сатып алғандарды шегергенде);

P_{ij}^{ord} – сауда-саттық күнінің осы атауының акциялары үшін соңғы өткен нәтижелі мерзім ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша теңгемен i -эмитенттің j -шығарылымының бір жай акциясының орташа сараланған бағасы;

Q_{ij}^{pref} – i -эмитенттің j -шығарылымының орналастырылған артықшылықты акциялардың данамен саны (олардың эмитенті сатып алғандарды шегергенде);

P_{ij}^{pref} – сауда-саттық күнінің осы атауының акциялары үшін соңғы өткен нәтижелі мерзім ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша теңгемен i -эмитенттің j -шығарылымының бір артықшылықты акциясының орташа сараланған бағасы.

5. Акцияларды шоғырландыру немесе бөлшектеу кезінде акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу кезінде пайдаланылатын осы атаудағы акциялардың параметрлеріне тиісті өзгерістер енгізу жүзеге асырылады. Бұл ретте:

1) осы акциялардың эмитентін капиталдандыру көрсеткіші осы акцияларды шоғырландыру немесе бөлшектеу процедурасы аяқталғанға дейін соңғы есептелген параметрлер бойынша тіркеледі;

2) осы акциялардың эмитентін капиталдандыруды есептеу шоғырландыру немесе бөлшектеу аяқталғаннан кейін және Биржа орналастырылған акциялардың саны туралы ақпарат алғаннан кейін осы атаудың акцияларымен бірінші мәміле жасалған сәттен бастап жүзеге асырылады.

6. Орналастырылған акциялардың саны өзгерген кезде акциялар нарығын капиталдандыруды есептеу кезінде пайдаланылатын осы атаудағы акциялардың параметрлеріне тиісті өзгерістер енгізу жүзеге асырылады.

Егер акциялар нарығын капиталдандыруды есептеудің ағымдағы күні мен осы атаудың акцияларымен соңғы мәміле күні арасындағы айырма күнтізбелік 90 күннен асатын болса:

1) осы акциялардың эмитентін капиталдандыру көрсеткіші орналастырылған акциялардың саны өзгергенге дейін соңғы есептелген параметрлер бойынша тіркеледі;

2) осы акциялардың эмитентін жаңа параметрлер бойынша капиталдандыруды есептеу орналастырылған акциялардың саны өзгергеннен кейін осы атаудың акцияларымен бірінші мәміле жасалған кезден бастап жүзеге асырылады.

4 бап.

KASE Индексін есептеу

1. KASE Индексін есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – KASE Индексінің өкілетті тізімі) Комитет "Негізгі" алаңы биржасының ресми тізіміне енгізілген акциялар қатарынан мынадай барлық шарттар орындалған кезде қалыптастырады:

1) KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялар атауларының жалпы саны жетіден кем болмауы тиіс;

2) акциялар Комитеттің шешімі бойынша және осы акциялар мен олардың эмитенті осы баптың 2 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келген кезде, сондай-ақ Биржада осы атаудағы орналастырылған акциялардың саны туралы ақпарат және еркін айналыстағы акциялардың санын анықтау үшін қажетті өзге де мәліметтер болған кезде KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізіледі;

3) акциялардың KASE Индексінің өкілетті тізімінде болуы үшін осы акциялар және олардың эмитенті осы баптың 3 тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келуге тиіс;

- 4) KASE Индексінің өкілетті тізімін қайта қарау туралы шешімді Комитет 16 қаңтарға, 16 сәуірге, 16 шілдеге, 16 қазанға дейін Биржа Биржаның интернет-ресурсында жариялауы тиіс. Комитеттің шешімі негізінде KASE Индексінің өкілетті тізіміне өзгерістер күнтізбелік тоқсанда бір рет – ақпанның, мамырдың, тамыздың және қарашаның үшінші жұмыс күнінен бастап енгізіледі;
 - 5) KASE Индексінің өкілетті тізімін қайта қарау туралы шешімді Комитет осы баптың 3, 5 және 6 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша кезектен тыс тәртіппен қабылдауы мүмкін. Бұл ретте мұндай шешім туралы ақпаратты Биржаның интернет-ресурсында жариялау ол қабылданғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады.
2. Акцияларды KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізу үшін осы акциялар және олардың эмитенті мынадай шарттарға сәйкес келуге тиіс:
- 1) эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес Қазақстан Республикасының резидент ұйымы болып танылатын заңды тұлға болуға тиіс;
 - 2) эмитентті капиталдандыру кемінде 25 млрд теңгені құрауы және осы Әдістеменің 3 бабы 4 тармағының формуласы бойынша Биржа есептеуі тиіс;
 - 3) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған неғұрлым кейін жасалған жылдық қаржылық есептілік (еншілес ұйымдары болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне) деректеріне сәйкес оң болуы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 4) эмитенттің таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есептілік (еншілес ұйымдары болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есептілігі) деректеріне сәйкес соңғы екі қаржы жылында оң шама болуы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 5) эмитенттің қолданыстағы рейтингтік бағасы болған кезде мұндай эмитенттің рейтингі S&P Global Ratings агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "B"-дан және/немесе Fitch Ratings және/немесе Moody's Investors Service рейтингтік агенттіктерінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасынан төмен болмауға тиіс;
 - 6) KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізу жоспарланған акциялар мынадай өлшемдерге сәйкес келуге тиіс:
 - осы акциялармен сауда-саттық көлемі енгізудің жоспарланған күнінің алдындағы он екі айдың әрқайсысында кемінде 70 млн теңгені құрауы тиіс (*осы абзац Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - осы акциялар үшін жоспарланған енгізу күнінің алдындағы он екі айдың әрқайсысында нәтижелі күндер саны тиісті айдың барлық сауда-саттық күндерінің кемінде 70 % болуы тиіс (*осы абзац Биржа Басқармасының 2025 жылдың 22 мамырындағы шешімімен өзгертілген*);
 - осы акциялармен жасалған мәмілелерді енгізудің жоспарланған күнінің алдындағы он екі айдың әрқайсысында Биржаның кемінде бес мүшесі жасасуы тиіс (*осы абзац Биржа Басқармасының 2025 жылдың 22 мамырындағы шешімімен өзгертілген*).
3. Комитет, Комитеттің пікірі бойынша осы атаудағы акциялардың жеткілікті өтімділігін қуәландыратын факторлар болған кезде, осы баптың

2 тармағында белгіленген талаптарды ескермей, қандай да бір атаудағы акциялар KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

4. KASE Индексінің өкілетті тізімінде акциялардың болуы үшін осы акциялар және олардың эмитенті KASE Индексінің өкілетті тізімі өзгерген күні мынадай шарттарға сәйкес келуі тиіс:
 - 1) осы Әдістеменің 3 бабының 4 тармағында көрсетілген формула бойынша есептелген эмитентті капиталдандыру кемінде 25 млрд теңгені құрауы тиіс;
 - 2) эмитенттің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған неғұрлым кейін жасалған жылдық қаржылық есептілікке (еншілес ұйымдары болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне) сәйкес оң мәнге ие болуы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 3) эмитенттің таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған жылдық қаржылық есептілік (еншілес ұйымдары болған кезде – эмитенттің аудиторлық есеппен расталған шоғырландырылған қаржылық есептілік) деректеріне сәйкес соңғы екі қаржы жылында оң шама болуы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 4) KASE Индексінің өкілдік тізімі өзгерген күннің алдындағы кез келген төрт айдың әрқайсысында алты ай Биржадағы акциялармен сауда саттықтың ең төменгі көлемі 70 млн теңгеге тең немесе одан асуы тиіс (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген*);
 - 5) KASE Индексінің өкілетті тізімі өзгерген күннің алдындағы кез келген төрт айдың әрқайсысында сауда-саттық күндерінің кемінде 50 %-ы (айына сауда-саттық күндерінің жалпы санынан) осы акциялар үшін нәтижелі болуы тиіс;
 - 6) KASE Индексінің өкілетті тізімі өзгерген күннің алдындағы алты айдың кез келген төрт айының әрқайсысында осы акциялармен мәмілелер Биржаның сауда-саттық жүйесінде Биржаның кемінде бес мүшесі жасасуы тиіс.

Комитеттің пікірі бойынша осы атаудағы акциялардың жеткілікті өтімділігін куәландыратын факторлар болған кезде Комитет осы баптың 4 тармағында белгіленген шарттарды ескермей, KASE Индексінің өкілетті тізімінде акцияларды сақтау туралы шешім қабылдауға құқылы.

5. Қандай да бір атаудың акциялары оларды Биржаның ресми тізімінен алып тастаған кезде Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан KASE Индексінің өкілетті тізімінен алып тасталады. Артықшылықты акциялар осы эмитенттің жай акцияларын Биржаның ресми тізімінен алып тастау кезінде Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан акциялардың өкілетті тізімінен алып тасталады.
6. Комитет осы баптың 4 тармағында белгіленген шарттарды ескермей, қандай да бір атаудың акцияларын, егер мұндай алып тастау Комитеттің пікірі бойынша:
 - Биржаның осы атаудағы акциялармен сауда-саттықты тоқтата тұруына;
 - акциялары KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі эмитенттің кредиттік рейтингтерінің S&P Global Ratings агенттігінің "CCC+/C" дейін, Fitch Ratings агенттігінің "CCC/C" дейін, Moody's Investors Service агенттігінің "Саа+" дейін төмендеуіне немесе эмитенттің рейтингтік бағалаудан бас тартуына;

- өкілетті тізім акцияларының өтімділігінің күрт төмендеуіне, олардың бағаларының құбылмалылығының өсуіне, KASE Индексінің өкілетті тізім акциялары бойынша маркет-мейкер міндеттерін орындаудан бас тартқан жағдайда олардың баға белгілеулері бойынша спредтердің кеңеюіне байланысты;
- Комитет KASE Индексінің репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында осындай шешім қабылдау үшін жеткілікті деп санайтын кез келген өзге себеп бойынша қажет болса, KASE Индексінің өкілетті тізімінен алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы.

7. KASE Индексі мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{IndexKASE} = \frac{MC_n}{D_n}, \text{ мұнда}$$

IndexKASE – KASE Индексі тармақтармен;

MC_n – осы баптың 11 тармағына сәйкес есептелетін n есептеу сәтіндегі KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны, теңгемен;

D_n – KASE Индексі есебінің бірінші күніндегі KASE Индексі өкілетті тізімінің барлық акцияларының жиынтық нарықтық құнының KASE Индексі өкілетті тізімінің болған өзгерістерін және KASE Индексінің бастапқы мәнін ескере отырып түзетілген мәні.

8. D_n көрсеткішін қайта есептеу мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) KASE Индексінің өкілетті тізімі;
- 2) KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген еркін айналыстағы қандай да бір атаудағы акциялардың саны;
- 3) KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген қандай да бір атаудағы орналастырылған акциялардың саны, оның ішінде орналастырылған акциялар санының өзгеруіне әкеп соғатын кез келген корпоративтік оқиғалардың басталуы салдарынан;
- 4) осы баптың 12 тармағына сәйкес есептелетін шектеу коэффициенті.

9. D_n көрсеткішін есептеу үтірден кейін төрт белгіге дейінгі дәлдікпен мынадай формула бойынша жүзеге асырылады (көрсеткіштің мәнін дөңгелектеу математикалық дөңгелектеу ережесі бойынша жүргізіледі):

$$D_n = D_{n-1} \cdot \frac{MC_n}{MC_{n-1}}, \text{ мұнда}$$

D_{n-1} – D көрсеткішінің оны қайта есептеу үшін негіз басталғанға дейінгі соңғы мәні;

MC_{n-1} – D_{n-1} көрсеткішін есептеу сәтіндегі KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялардың жиынтық нарықтық құны;

MC_n – D_n көрсеткішін есептеу сәтіндегі KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялардың жиынтық нарықтық құны.

10. KASE Индексінің бастапқы мәні 2007 жылдың 28 қыркүйегіндегі Алматы уақыты бойынша 18.00-дегі жағдай бойынша 2 545,79 тармақ мөлшерінде тіркелді¹.

¹ KASE Индексінің бұл мәні Биржаның 2001 жылдың 21 ақпанындағы № 15/1 шешімімен бекітілген Қор нарығының индикаторларын есептеу әдістемесіне сәйкес 2000 жылдың 12 шілдесінен бастап 2007 жылдың 28 қыркүйегіне дейінгі аралықта есептелген KASE_Shares индексінің соңғы мәні болып табылады (KASE_Shares индексінің бастапқы мәні 2000 жылдың 12 шілдесіндегі жағдай бойынша 100,00 тармақ мөлшерінде тіркелген). Сәйкесінше, KASE Индексі мәндерінің сандық қатары KASE_Shares индексі мәндерінің сандық қатарын жалғастырады.

KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны KASE Индексін бастапқы есептеу сәтінде 2007 жылдың 28 қыркүйегіндегі Алматы уақыты бойынша сағат 18.00-дегі жағдай бойынша 868 132 912 362,78 теңге сомасында тіркелген.

11. KASE Индексінің өкілетті тізіміне енгізілген акциялардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$MC_n = \sum_{i=1}^n (P_i \times FF_i \times \bar{R}_i), \text{ мұнда}$$

- n – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі акциялар атауларының саны;
- P – Қағидада анықталғандай, үздіксіз қарсы аукцион әдісімен Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған i -атаудағы акциялармен мәміле бағасы немесе осы Әдістеменің 9 бабына сәйкес анықталған i -атаудағы акциялар бойынша жабу бағасы;
- FF_i – осы Әдістеменің 11-1-тармағына сәйкес анықталған i -лік атаудағы акцияның free-float коэффициенті (*осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*);
- \bar{R}_i – осы баптың 12 тармағына сәйкес есептелетін i -атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициенті.

- 11-1. Free-float коэффициенті Биржаның Директорлар кеңесі бекіткен Листинглік ережелерге сәйкес анықталған еркін айналымдағы акциялар санының орналастырылған акциялардың жалпы санына қатынасы ретінде анықталады. Алынған коэффициент мәні үтірден кейін екі таңбаға дейін дөңгелектенеді (*осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген*).

12. KASE Индексінің өкілетті тізімінің бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициенті бір немесе бірнеше кезеңмен былайша есептеледі:

- 1) бірінші кезеңде:

KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі есептеледі, бұл ретте осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент бірлікке тең болып қабылданады;

егер KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының алынған үлесі 0,15-тен асқан жағдайда, онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне көшу жүзеге асырылады;

- 2) екінші кезеңде:

осы баптың 15 тармағына сәйкес осы атаудың бағалы қағаздары үшін аралық коэффициент есептеледі;

- 3) үшінші кезеңде:

осы атаудың бағалы қағаздары үшін аралық коэффициенттің екінші кезеңінде есептелген мәнін негізге ала отырып, осы баптың 13 тармағына сәйкес KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы олардың жиынтық нарықтық құнының үлесі жаңадан есептеледі;

егер KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының алынған үлесі 0,15-тен асқан жағдайда, онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу

коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті көшу жүзеге асырылады;

- 4) осы атаудың бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері тиісті өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы кез келген атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі 0,15-тен аспайтын кезде қайталанады;
 - 5) қандай да бір атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициенті осы атаудағы акциялар үшін барлық аралық коэффициенттің көбейтіндісі болып табылады, алынған коэффициент мәні үтірден кейін жеті таңбаға дейін дөңгелектенеді (*осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген*).
13. Осы өкілетті тізімдегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Z_i = \frac{A_i}{\sum_{i=1}^n A_i}, \text{ мұнда}$$

- Z_i – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнындағы i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құнының үлесі;
- A_i – осы баптың 14 тармағына сәйкес анықталған i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны, теңгемен;
- n – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздар атауларының саны.
14. KASE Индексін есептеу үшін i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_i = P_i \times FF_i \times R_i, \text{ мұнда}$$

- P_i, FF_i – осы баптың 11 тармағында анықталған көрсеткіштер;
- R_i – осы баптың 15 тармағына сәйкес есептелетін i -атаудағы акциялар үшін аралық коэффициент (осы атаудағы акциялар үшін шектеу коэффициентін есептеудің бірінші кезеңінде бірлікке тең деп қабылданады).
15. i -атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент мына формула бойынша есептеледі:

$$R_i = \frac{0,15}{0,85 A_i} \times (\sum_{i=1}^n A_i - A_i), \text{ мұнда}$$

- n – KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі бағалы қағаздар атауларының саны;
- A_i – осы баптың 14 тармағына сәйкес анықталған i -атаудағы бағалы қағаздардың осы атаудағы бағалы қағаздар үшін алдыңғы аралық коэффициентті пайдалана отырып, теңгемен жиынтық нарықтық құны.
16. KASE Индексінің өкілетті тізімінің акциялары үшін шектеу коэффициенттері күнтізбелік тоқсанда бір рет қаңтардың, сәуірдің, шілденің, қазанның соңғы жұмыс күнінің қорытындылары бойынша есептеледі және келесі айдың үшінші жұмыс күнінен бастап күшіне енеді.

Акциялар үшін шектеу коэффициенттері, егер:

- 1) еркін айналыстағы қандай да бір атаудағы акциялардың саны осы атаудағы орналастырылған акциялардың жалпы санының 10 және одан да көп пайызын құрайтын шамаға өзгерсе;

- 2) осы баптың 13 тармағына сәйкес есептелген KASE Индексінің өкілетті тізіміндегі барлық атаулардағы акциялардың жиынтық нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы акциялардың жиынтық нарықтық құнының үлесі кемінде 15 сауда-саттық күні ішінде 0,2-ден асса, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген кезеңділіктен тыс есептелуі мүмкін.
17. Шектеу коэффициенттерін қайта есептеу туралы ақпарат жаңа шектеу коэффициенттері күшіне енгенге дейін екі күннен кешіктірілмей Биржаның интернет-ресурсында ашылады.

4-1 бап. KASE_TR индекcін есептеу

1. KASE_TR индекcі KASE Индекcінің тізіміне кіретін акциялар бойынша дивидендтік төлемдерді (табыстарға салық салусыз) ескере отырып, KASE Индекcінің параметрлерін пайдалана отырып есептеледі.
2. Дивидендтер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дивидендтер алуға құқығы бар акционерлердің тізімі жасалатын күнге KASE_TR индекcін есептеу кезінде ескеріледі.
3. Егер дивидендтерді төлеуге қатысты қандай да бір атаудағы акциялар эмитентінің шешімдері туралы ақпаратты дивидендтер осы баптың 2 тармағына сәйкес ескерілуі тиіс күннен кейін Биржа алса, онда дивидендтер Биржа көрсетілген ақпаратты алған күні есепке алынады.
4. Дивидендтерді төлеу туралы деректердің көзі Биржаның ішкі құжаттарына сәйкес Биржа алатын ақпарат болып табылады.
5. KASE_TR индекcінің бастапқы мәні 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы² Алматы қаласының уақыты бойынша сағат 18:00-дегі жағдай бойынша 5 636,66 тармақ мөлшерінде тіркелген.
6. KASE_TR индекcі мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{IndexKASE_TR}_n = \text{IndexKASE_TR}_{n-1} \cdot \text{TR}_n,$$

мұнда:

IndexKASE_TR_n – n күніндегі KASE_TR индекcінің мәні;

IndexKASE_TR_{n-1} – n-1 күніндегі KASE_TR индекcінің мәні;

TR_n – дивидендтерді қайта инвестициялау нәтижесінде кірістілік.

7. TR_n есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{TR}_n = \frac{\text{IndexKASE}_n + \text{ID}_n}{\text{IndexKASE}_{n-1}},$$

мұнда:

ID_n – тармақтармен көрсетілген дивидендтер.

8. Расчет ID_n мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$\text{ID}_n = \frac{\text{TD}_n}{D_n},$$

² KASE_TR индекcінің мәні Биржаның Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитеттің 2025 жылдың 15 сәуіріндегі шешімімен анықталған (№ 8 отырыс хаттамасы). KASE_TR индекcінің бастапқы құны ретінде 2024 жылдың соңғы тоқсанындағы дивидендтік кірісті ескере отырып, 2024 жылдың 31 желтоқсанындағы KASE Индекcінің мәні пайдаланылды, бұл есептеудің өзектілігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді ([осы сілтеме Биржа Басқармасының 2025 жылдың 22 мамырындағы шешімімен енгізілген](#)).

мұнда:

D_n – есептеу кезіндегі KASE индексін бөлгіштің мәні;

TD_n – KASE Индексінің акциялары бойынша дивидендтердің жиынтық төлемдері.

9. TD_n есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TD_n = \sum_{i=1}^N Div_{in} \cdot Q_{in} \cdot FF_{in} \cdot R_{in} ,$$

мұнда:

TD_n – n күні ескерілетін KASE Индексінің тізіміне кіретін акциялар бойынша жиынтық дивидендтер;

N – KASE индексі акцияларының саны;

Div_{in} – i -лік акция бойынша дивидендтер мөлшері теңгемен;

Q_{in} – n күні KASE индексін есептеу үшін пайдаланылатын қандай да бір атаудағы i -лік акциялардың жалпы саны;

FF_{in} – n күні KASE индексін есептеу үшін пайдаланылатын i -лік акцияның free-float коэффициенті;

R_{in} – n күні KASE индексін есептеу үшін пайдаланылатын шектеу коэффициенті.

(Осы мақала Биржа Басқармасының 2025 жылдың 22 мамырындағы шешімімен енгізілген)

5 бап. Биржада сатылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының жиынтық номиналды құнын және жиынтық нарықтық құнын есептеу

1. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық атаулы құны мен жиынтық нарықтық құнын есептеу үшін өкілетті тізімді (бұдан әрі – МБҚ-ның өкілетті тізімі) Биржа орналастырылған мемлекеттік бағалы қағаздардың саны туралы ақпаратты Биржаның алуына қарай, шетелдік мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, Биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздар арасынан Комитет қандай да бір шешім қабылдамай қалыптастырады.
2. Комитет мемлекеттік бағалы қағаздарды Биржаның ресми тізімінен алып тастаған кезде мемлекеттік бағалы қағаздарды МБҚ-ның өкілетті тізімінен қандай да бір шешім қабылдамай алып тастайды.
3. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық номиналды құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CAPGCB_N = \sum_{i=1}^n (Q_i \times N_i), \text{ мұнда}$$

$CAPGCB_N$ – мемлекеттік бағалы қағаздардың теңгемен жиынтық номиналды құны;

n – МБҚ-ның өкілетті тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар атауларының саны;

Q_i – орналастырылған i -атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздардың данамен саны;

N_i – i -атаудағы бір мемлекеттік бағалы қағаздың теңгемен номиналды құны.

4. Мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$CAPGB_M = \sum_{i=1}^n (Q_i \times \bar{P}_i), \text{ мұнда}$$

- $CAPGB_M$ – мемлекеттік бағалы қағаздардың теңгемен жиынтық нарықтық құны;
- n – МБҚ-ның өкілетті тізіміндегі мемлекеттік бағалы қағаздар атауларының саны;
- Q_i – орналастырылған i -атаудағы мемлекеттік бағалы қағаздардың данамен саны;
- \bar{P}_i – мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша соңғы өткен саудасаттық күні ішінде жасалған мәмілелер бойынша i -атауындағы бір мемлекеттік бағалы қағаздың теңгемен орташа сараланған бағасы.

6 бап.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – МБҚ индикаторларының өкілетті тізімі) Биржаның ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздар (бұдан әрі – МБҚ) қатарынан Комитет қандай да бір шешім қабылдамастан қалыптастырады, олар:
 - 1) индекстелмеген;
 - 2) купондық сыйақының тіркелген мөлшерлемесімен;
 - 3) қазақстандық теңгемен номиналданған болып табылады.
2. Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстері өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелмей (біріктірілген индекстер) және өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген: бір жылдан кем (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес жастан бастап және одан көп (l), мынадай серияларды қамтиды:
 - $KZGB_CP^*$ – жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
 - $KZGB_DP^*$ – мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кірісінің баға индексі (есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
 - $KZGB_Y^*$ – жылдық пайызбен кірістілік индикаторы.
3. 31 күннен бастап және одан астам өтеу мерзімі бар Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздар нарығының индекстеріне (тіркелген тізімі бар индекстер) мыналар кіреді:
 - $KZGB_CPm1m$ – жинақталған және төленбеген купондық сыйақы ескерілмеген бағалар бойынша есептелетін мемлекеттік бағалы қағаздардың "таза" бағаларының баға индексі;
 - $KZGB_DPm1m$ – мемлекеттік бағалы қағаздардың жиынтық кірісінің баға индексі (есептелген, төленген купондық төлемді және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып);
 - $KZGB_Ym1m$ – жылдық пайызбен кірістілік индикаторы;
 - жылдардағы тіркелген тізімі бар индексті дюрациялау;

– тіркелген тізімі бар индекстің түрлендірілген дюрациясы.

31 күннен бастап және одан көп өтеу мерзімімен МБҚ индекстерін есептеу үшін өкілетті тізім осы айдың үш жұмыс күні үшін айына бір рет қалыптастырылады және бірінші жұмыс күнінен бастап келесі айдың соңғы жұмыс күніне дейін қолданылады.

4. МБҚ индекстерін есептеу мынадай формулалар бойынша жүргізіледі:

$$KZGB_CP_n = KZGB_CP_{n-1} \cdot \frac{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \frac{P_{i,n-1}}{100} \cdot FV_{i,n-1} \cdot N_{i,n}},$$

$$KZGB_DP_n = KZGB_DP_n \cdot \frac{\sum_{i=1}^N \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} + G_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \left(\frac{P_{i,n-1}}{100} \cdot FV_{i,n-1} + A_{i,n-1} \right) \cdot N_{i,n}},$$

$$KZGB_Y_n = \frac{\sum_{i=1}^N Y_{i,n} \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} + G_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}},$$

$$D_n = \frac{\sum_{i=1}^N D_{i,n} \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} + G_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}},$$

$$MD_n = \frac{\sum_{i=1}^N \left(\frac{G_{i,n}}{(1+Y_{i,n})^{t_i}} \right) * t_i + \frac{FV_{i,n}}{(1+Y_{i,n})^{t_i}} * t_i}{P_i * \left(1 + \frac{Y_{i,n}}{k_i} \right)}$$

мұнда:

- KZGB_CP – n есептеу күніндегі баға индексінің мәні;
- KZGB_DP – n есептеу күніндегі жиынтық табыс индексінің мәні;
- KZGB_Y – n есептеу күніндегі кірістілік индикаторының мәні;
- D_n – n есептеу күні индексті дюрациялау;
- MD_n – n есептеу күніндегі индекстің түрлендірілген дюрациясы;
- n – индексті есептеу күні;
- P_i – соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша бір МБҚ-ның осы баптың 5 және 6 тармақтарына сәйкес анықталған, номиналдан пайызбен көрсетілген бағасы;
- FV_i – есеп айырысу күні i-шығарылымның бір МБҚ-ның теңгемен көрсетілген номиналы;
- N_i – бағалы қағаздар данасымен көрсетілген n есеп айырысу күні бір МБҚ-ның i шығарылымының көлемі;
- A_i – n есеп айырысу күні i-шығарылған МБҚ-ның теңгемен көрсетілген жинақталған купондық кірісі;
- G_i – n уақыт сәтінде i-шығарылымның МБҚ бойынша n күні төленген, теңгемен көрсетілген купондық кіріс сомасы, бұл ретте KZGB_DP_{m1m} индексі үшін купондық сыйақылар өкілетті тізім қайта қаралған сәтке дейін есепте сақталады және жаңа тізім қолданылатын бірінші күні индекстен алып тасталады;
- Y_i – осы баптың 5 және 6 тармақтарына сәйкес анықталған баға негізінде күн қорытындылары бойынша есептелген n есеп айырысу күніндегі i-шығарылымның МБҚ кірістілігі;

- $D_{i,n}$ – n есеп айырысу күні i -шығарылым МБҚ-ның жылдармен көрсетілген дюрациясы;
- t_i – МБҚ-ның айналыс кезеңі;
- k_i – МБҚ купондық кезеңдерінің саны.
5. Өтеуге дейінгі мерзімдер бойынша сегменттелген индекстерді есептеу үшін бір МБҚ бағасы ретінде: бір жылдан кем (s); бір жылдан бес жылға дейін (m); бес және одан да көп жастан бастап (l):
- 1) қандай да бір МБҚ-ны орналастыру немесе қосымша орналастыру жөніндегі мәмілелерді қоса алғанда, әрбір МБҚ үшін индикаторды есептеу күні ішінде Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша көлем арқылы есептелген әрбір МБҚ-ның орташа сараланған "таза" бағасы;
 - 2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген қандай да бір атаудағы МБҚ-ның орташа сараланған бағасы болмаған жағдайда, МБҚ индекстерін есептеу үшін Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын есептеу әдістемесіне сәйкес анықталған және индексті есептеу күні қолданылған осындай МБҚ нарықтық "таза" бағасы пайдаланылады.
6. Тіркелген тізімі бар біріктірілген индекстер мен индекстерді есептеу үшін бір МБҚ бағасы ретінде Биржаның Директорлар кеңесі бекітетін Бағалы қағаздардың нарықтық бағаларын есептеу әдістемесіне сәйкес анықталған және индексті есептеу күніне қолданыстағы осындай МБҚ-ның нарықтық "таза" бағасы пайдаланылады.
7. Қандай да бір атаудың орналастырылған МБҚ дюрациясы немесе саны өзгерген күні KZGB_CP*, KZGB_DP*, KZGB_Y* сериясының индекстерін есептеу МБҚ-ның жаңа параметрлерін пайдалана отырып жүргізіледі.
- Тіркелген тізімі (KZGB_CPm1m, KZGB_DPm1m, KZGB_Ym1m) бар индекстің өкілетті тізімі өзгерген күні мұндай индекстерді есептеу МБҚ-ның жаңа параметрлерін пайдалана отырып жүргізіледі, бұл ретте МБҚ орналастырған тіркелген индекстердің өкілетті тізімінің саны келесі тізім күшіне енген күнге дейін өзгеріссіз қалады.
8. KZGB_CP* сериясы индекстерінің және KZGB_CPm1m индексінің бастапқы мәндері 1000,00 теңге мөлшерінде тіркелген, KZGB_DP* сериясы индекстерінің және KZGB_DPm1m индексінің мәндері МБҚ индикаторларын есептеу басталған күні әрбір индекс үшін жеке теңгемен көрсетілген жинақталған және төленбеген сыйақының орташа мәнін қоса отырып, 1000,00 теңге мөлшерінде тіркелген (өтеу мерзімі: 1 жылға дейін, 1 жылдан 5 жылға дейін, 5 жылдан және одан астам, өтеу мерзімдері бойынша сегменттеусіз).

7 бап.

Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құнын есептеу

1. Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құнын есептеуге арналған өкілетті тізімді (бұдан әрі – корпоративтік облигациялардың өкілетті тізімі) Биржа қандай да бір шешім қабылдамастан, Биржаның сол немесе өзге атаудағы орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны туралы ақпаратты алуына және осы корпоративтік облигациялар бойынша Биржалық сауда-саттықты ашуына қарай Комитет Биржаның ресми тізіміне енгізілген барлық атаулардағы корпоративтік облигациялар қатарынан қалыптастырады.
2. Осы корпоративтік облигацияларды Биржаның ресми тізімінен алып тастау кезінде Комитет қандай да бір шешім қабылдамай корпоративтік

облигациялардың өкілетті тізімінен корпоративтік облигацияларды алып тастайды.

3. Корпоративтік облигациялар нарығының жиынтық номиналды құны мына формула бойынша есептеледі:

$$CAP_b = \sum_{i=1}^n (Q_i \times N_i), \text{ мұнда:}$$

CAP_b – корпоративтік облигациялар нарығының теңгемен жиынтық номиналды құны;

n – облигациялардың өкілетті тізіміндегі корпоративтік облигациялар атауларының саны;

Q_i – i -атаудағы орналастырылған корпоративтік облигациялардың данамен саны;

N_i – i -атаудағы бір корпоративтік облигацияның теңгемен номиналды құны.

Егер қандай да бір атаудағы корпоративтік облигациялардың:

- "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңында анықталғандай, номиналды құны жоқ болса, осы облигациялар облигацияларының жиынтық номиналды құны ретінде осы атаудағы корпоративтік облигациялар шығарылымының аңдатпасымен (осы атаудағы корпоративтік облигациялар шығарылымының аңдатпасына ұқсас мақсаты бойынша құжатпен) куәландырылған номиналды мәндегі борыштың жиынтық шамасы пайдаланылады;
- теңгенің шетел валютасына қатысты бағамының өзгеруіне индекстелген номиналды құны болса, онда олардың номиналды құны шетел валютасының теңгеге қатысты бағамының өзгеру коэффициентіне номиналды құнның көбейтіндісі ретінде қайта есептеледі. Шетел валютасы бағамының теңгеге қатысты өзгеру коэффициентін есептеу үшін осы корпоративтік облигацияларды орналастыру жүзеге асырылған шетел валютасының бағамы пайдаланылады.

8 бап.

Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу

1. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеуге арналған өкілдік тізімдерді Комитет мынадай сериялар үшін купондық корпоративтік облигациялар қатарынан қалыптастырады:
- KASE_BM* (бұдан әрі – KASE_BM* индикаторлар сериясының өкілдік тізімі);
 - KASE_ESGB* (бұдан әрі – KASE_ESGB* индикаторлар сериясының өкілдік тізімі);
 - KASE_KZ3BUP* (бұдан әрі – KASE_KZ3BUP* индикаторлар сериясының өкілдік тізімі);
 - KASE_US3BUP* (бұдан әрі – KASE_US3BUP* индикаторлар сериясының өкілдік тізімі).

(Осы бөлім Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

Көрсетілген тізімдерге енгізілген облигациялар төмендегі барлық шартқа сәйкес келуі керек *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:

- 1) KASE_BM*, KASE_ESGB* и KASE_KZ3BUP* серияларының өкілдік тізімдерінің облигациялары Қазақстан Республикасының заңнамасына

- сәйкес шығарылуы тиіс және теңгемен номиналданған, бұл ретте олардың номиналды құны және/немесе сыйақы мөлшері теңгенің шетел валютасына бағамының өзгеруі бойынша индекстелмеуге тиіс; KASE_US3BUP* сериясының өкілдік тізімінің облигациялары бойынша номиналды құны мен сыйақы мөлшері АҚШ долларымен көрсетілуге тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
- 2) KASE_BM*, KASE_KZ3BUP*, KASE_US3BUP* сериялары индикаторларының өкілдік тізімдерінің облигациялары Биржаның ресми тізімінің "Негізгі" алаңының "Борыштық бағалы қағаздар" секторының "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санаттарында болуға тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 3) KASE_ESGB* сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің облигациялары "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары немесе "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының заңында анықталғандай орнықты дамуға байланысты облигациялар (ESG облигациялары) болуы және "Негізгі" және "Баламалы" алаңдарының "Облигациялар" және "Коммерциялық облигациялар" санаттарының "Борыштық бағалы қағаздар" секторындағы Биржаның ресми тізімінде болуы тиіс;
 - 4) облигациялар Биржаның сауда-саттық жүйесінде "таза" бағамен белгіленуі тиіс (есептелген және төленбеген сыйақыны есептемегенде), өтелетін облигациялардың кірістілігі Биржаның ақпараттық жүйелерінде автоматты түрде есептелуі тиіс;
 - 5) KASE_BM*, KASE_KZ3BUP*, KASE_US3BUP* облигациялар бойынша сауда-саттық ашық болуы тиіс, оның ішінде Биржада орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны туралы ақпарат болуы тиіс; KASE_BM*, KASE_KZ3BUP*, KASE_US3BUP* сериялары индикаторларының өкілдік тізімдерінің облигациялары бойынша маркет-мейкер болуы тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 6) KASE_BM* сериясы индикаторларының өкілдік тізіміндегі корпоративтік облигациялар атауларының жалпы саны кемінде жеті, KASE_ESGB*, KASE_KZ3BUP*, KASE_US3BUP* KASE_BM* сериясы индикаторларының өкілдік тізімінде кемінде төртеу болуы тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;
 - 7) KASE_KZ3BUP* және KASE_US3BUP* сериялы индикаторлардың өкілдік тізімдерінің облигацияларында халықаралық рейтинг агенттіктері берген BBB- деңгейінен төмен емес кредиттік рейтинг болуға тиіс *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген)*.
2. Комитеттің корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларының өкілдік тізімдерін қайта қарау туралы шешімі Биржаның интернет-ресурсында 01 желтоқсанға, 01 наурызға, 01 маусымға, 01 қыркүйекке дейін қабылдануы және жариялануы тиіс *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
 3. Биржаның ресми тізімінен қандай да бір атаудағы корпоративтік облигацияларды алып тастау, сондай-ақ қандай да бір атаудағы облигациялардың айналым мерзімінің аяқталуы Комитет қандай да бір шешім қабылдамай-ақ, корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларының өкілдік тізімдерінен облигацияларды алып тастау үшін негіз болып табылады. Бірінші жағдайда, облигациялар ресми тізімнен шығарылған күннен бастап, екіншісінде – облигацияларды ұстаушылардың тізілімі өтеу кезінде олардың номиналды құнын және соңғы купондық

сыйақыны төлеу үшін тіркелген күннен бастап (егер қолданымды болса) алып тасталады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

4. Комитет корпоративтік облигациялардың осы баптың 1-тармағында белгіленген бір немесе бірнеше шарттарға сәйкестігі тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ нарық индекстері мен индикаторларының репрезентативтілігін қамтамасыз ету мақсатында Комитет мұндай шешім қабылдау үшін жеткілікті деп санайтын кез келген өзге себеп бойынша корпоративтік облигациялардың өкілдік тізімдерінен корпоративтік облигациялар индекстері мен корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының қандай да бір атауын алып тастау туралы шешім қабылдауға құқылы *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.
5. KASE_VM* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары мыналардан тұрады:
 - KASE_BMY – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигациялар кірістілігінің индикаторы;
 - KASE_BMC – Биржаның ресми тізімінің негізгі алаңының корпоративтік облигацияларының "таза" бағаларының индексі.
6. KASE_ESGB* сериялы корпоративтік облигациялар нарығының индикаторлары мыналардан тұрады:
 - KASE_ESGB_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағанда бағалар бойынша есептелетін Биржаның ресми тізіміндегі ESG облигацияларының "таза" бағалар индексі;
 - KASE_ESGB_DP – есептелген купондық сыйақы мен қайта инвестицияланған купондық төлем ескеріле отырып, бағалар бойынша есептелетін Биржаның ресми тізіміндегі ESG облигацияларының "лас" бағалар индексі;
 - KASE_ESGB_Y – жылдық пайызбен кірістілік индикаторы;
 - жылдардағы индекс дюрациясы.
- 6-1. Корпоративтік облигациялар нарығының KASE_KZ3BUP* сериялы индикаторлары мыналардан тұрады:
 - KASE_KZ3_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағалар бойынша есептелетін облигациялардың "таза" бағаларының индексі;
 - KASE_KZ3_TR – есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып, бағалар бойынша есептелетін облигациялардың жиынтық табысының индексі;
 - KASE_KZ3_Y – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
 - KASE_KZ3_DUR – индекстің дюрациясы, жылмен.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген)

- 6-2. Корпоративтік облигациялар нарығының KASE_US3BUP* сериялы индикаторлары мыналардан тұрады:
 - KASE_US3_CP – жинақталған және төленбеген купондық сыйақыны есепке алмағандағы бағалар бойынша есептелетін облигациялардың "таза" бағаларының индексі;
 - KASE_US3_TR – есептелген купондық сыйақыны және қайта инвестицияланған купондық төлемді ескере отырып, бағалар бойынша есептелетін облигациялардың жиынтық табысының индексі;

- KASE_US3_Y – кірістілік индикаторы, жылдық пайызбен;
- KASE_US3_DUR – индекстің дюрациясы, жылмен.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен енгізілген)

7. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу келесі формулалар бойынша жүргізіледі:

$$K_{BCn} = K_{BCn-1} \frac{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}{\sum_{i=1}^n (P_{i,p} \times Q_i \times \overline{BR}_i)},$$

$$K_{BDn} = K_{BDn-1} \frac{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i + A_{i,n} + G_{i,n}) \times BR_i}{\sum_{i=1}^n (P_{i,p} \times Q_i + A_{i,n}) \times \overline{BR}_i}$$

$$K_{BMCY} = \frac{\sum_{i=1}^n (Y_{i,t} \times P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)}{\sum_{i=1}^n (P_{i,t} \times Q_i \times \overline{BR}_i)},$$

$$K_Y = \frac{\sum_{i=1}^N Y_{i,n} \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} + G_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}}{\sum_{i=1}^N \left(\frac{P_{i,n}}{100} \cdot FV_{i,n} + A_{i,n} \right) \cdot N_{i,n}},$$

$$D_n = \frac{\sum_{i=1}^N D_{i,n} (P_{i,t} \times Q_i + A_{i,n} + G_{i,n}) \times \overline{BR}_i}{\sum_{i=1}^N (P_{i,t} \times Q_i + A_{i,n}) \times \overline{BR}_i},$$

мұнда:

- K_{BCn} – есеп айырысудың n күніндегі "таза" бағалар индексінің мәні тармақпен;
- K_{BDn} – есеп айырысудың n күніндегі "таза емес" бағалар индексінің мәні тармақпен;
- K_{BMCY} – n күнінде есептелген KASE_BMY кірістілік индикаторы жылдық пайызбен;
- K_Y – есеп айырысудың n күніндегі индекстің кірістілік индикаторы жылдық пайызбен;
- D_n – есеп айырысудың n күніндегі индекстің дюрациясы жылмен;
- n – индексті есептеу күні;
- $Y_{i,t}$ – осы баптың 8-ші және 9-тармақтарына сәйкес анықталған баға белгілеу бағасы негізінде жылдық пайызбен есептелген i -лік атаудағы корпоративтік облигацияның кірістілігі;
- $P_{i,t}$ – осы баптың 8-ші және 9-тармақтарына сәйкес анықталған корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша i -лік атаудағы бір корпоративтік облигацияның теңгемен баға белгілеу бағасы *(осы абзац Биржа Басқармасының 2025 жылдың 03 сәуіріндегі шешімімен өзгертілген)*;
- Q_i – i -лік атаудағы орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны;
- A_i – есеп айырысудың n күніндегі күні бір корпоративтік облигацияның жинақталған купондық кірісі;
- G_i – i -лік шығарылымның бір корпоративтік облигациясы бойынша n күніндегі төленген купондық кіріс сомасы;
- \overline{BR}_i – осы Әдістеменің 11-бабына сәйкес есептелетін i -лік атаудағы облигация үшін шектеу коэффициенті.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

8. KASE_VM* сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің і-атауындағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы ретінде:
- 1) Қағидада анықталғандай, корпоративтік облигациялар бойынша қандай да бір сауда-саттық күні ішінде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен Биржаның сауда-саттық жүйесінде жасалған мәмілелер бойынша осы атаудың бір корпоративтік облигациясының орташа сараланған "таза" бағасы, немесе
 - 2) (аталған сауда-саттық күні осы атаудың корпоративтік облигацияларымен мәмілелер болмаған жағдайда) осы атаудың корпоративтік облигацияларын сатып алуға арналған өтінімдердің ең жоғары "таза" бағасы мен көрсетілген сауда-саттық күні ішінде берілген оларды сатуға арналған өтінімдердің ең төмен "таза" бағасы арасындағы орташа арифметикалық шама, немесе
 - 3) (көрсетілген сауда-саттық күні ішінде берілген осы атаудың корпоративтік облигацияларын сатып алуға және сатуға өтінімдер болмаған жағдайда) осы атаудың бір корпоративтік облигациясының алдыңғы баға белгілеу бағасы.
9. KASE_ESGB * сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің і-атауындағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы ретінде "KASE клиринг орталығы" АҚ Директорлар кеңесі бекітетін Есептік бағаларды анықтау әдістемесіне сәйкес анықталған және индексті есептеу күніне қолданыстағы осындай облигацияның есептік "таза" бағасы пайдаланылады.
10. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларының өкілдік тізімдерінің өзгеруі шектеу коэффициенттерін есептеуге және қолдануға әкеп соғады. Коэффициенттер өкілдік тізімдердің аталған өзгерістері қолданысқа енгізілген сауда күнінің қорытындылары бойынша индекстердің мәндерін есептеу кезінде қолданылады.

Корпоративтік облигациялардың индекстері мен индикаторларын есептеу үшін шектеу коэффициенттерін есептеу әдістемесі осы Әдістеменің 3-тарауында анықталған.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

11. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларының өкілдік тізімдері өзгерген күні мұндай индикаторларды есептеу корпоративтік облигациялардың Жаңа параметрлерін пайдалана отырып жүргізіледі, бұл ретте орналастырылған корпоративтік облигациялардың саны мынадай тізім күшіне енген күнге дейін өзгеріссіз қалады *(осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

12. Индекстердің бастапқы мәндері мынадай индекстер үшін тармақтарда мөлшерінде тіркеледі:

KASE_BMC – 2017 жылдың 01 қыркүйегіндегі жағдай бойынша 100,00;

KASE_ESGB_CP – 100,00 және KZGB_ESGB_DP – 100,00 2024 жылдың 01 қазанындағы жағдай бойынша жинақталған купондық сыйақының орташа мәнін қоса отырып;

KASE_KZ3_CP – 100,00 және KASE_KZ3_TR – 100,00 2026 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша жинақталған купондық сыйақының орташа мәнін қоса отырып;

KASE_US3_CP – 100,00 және KASE_US3_TR – 100,00 2026 жылдың 01 сәуіріндегі жағдай бойынша жинақталған купондық сыйақының орташа мәнін қоса отырып.

(Осы тармақ Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

9 бап. Бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы

1. Биржа Биржада айналысқа жіберілген барлық бағалы қағаздар бойынша жабу бағасын белгілейді.
2. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы сауда-саттық аяқталған кездегі жағдай бойынша күніне бір рет анықталады.
3. Қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы ретінде Қағидаға сәйкес тиісті атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу аукционында қалыптасқан баға пайдаланылады.

Егер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген жабу аукционы барысында баға анықталмаса не егер мұндай аукцион қандай да бір атаудағы бағалы қағаздар бойынша өткізілмесе не мұндай аукционды өткізу Биржаның ішкі құжаттарында көзделмесе, онда осы атаудағы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы ретінде олармен соңғы мәміленің бағасы пайдаланылады.

Егер қандай да бір сауда-саттық күнінде бағалы қағаздар бойынша жабу бағасын осы тармақтың бірінші және екінші абзацтарына сәйкес анықтау мүмкін болмаса, онда мұндай күні осы бағалы қағаздар бойынша жабу бағасы анықталмайды.

4. Егер осы сауда-саттық күні олар бойынша жабу бағасы Биржаның ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен соңынан орындалмаған не бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау мақсатында жасалған деп танылған мәміле бағасы ескеріле отырып есептелген болса, Биржа қандай да бір атаудың бағалы қағаздары бойынша жабу бағасын қайта есептеуді жүзеге асыру құқығын өзінде қалдырады.

3 тарау. КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫНЫҢ ИНДЕКСТЕРІ МЕН ИНДИКАТОРЛАРЫН ЕСЕПТЕУ ҮШІН ШЕКТЕУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН ЕСЕПТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ

10 бап. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу үшін шектеу коэффициентін есептеу

1. Осы бапқа сәйкес есептелетін шектеу коэффициенті корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын \overline{BR}_1 шектеу коэффициенті ретінде есептеу үшін осы Әдістеменің 12 бабына сәйкес анықталатын қандай да бір атаудың барлық облигациялары құнының есептелген үлесін ескере отырып, қандай да бір атаудың корпоративтік облигациялары үшін пайдаланылады.
2. Корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларының өкілетті тізімдерінің бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициенті бір кезеңге немесе бірнеше кезеңге былайша есептеледі:

1) бірінші кезеңде:

осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнында есептеледі, бұл ретте осы атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент бірлікке тең болып қабылданады;

егер осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының алынған үлесі көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының соңғы есептелген Z_{max} ең жоғары мәнінен асып кеткен жағдайда, онда осы

атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне көшу жүзеге асырылады;

Индекстердің жеке өкілдік тізімдерінің облигациялары үшін $Z_{i\max}$ максималды мәні ретінде келесі формула бойынша есептелген үлкен бүтінге дейін дөңгелектелген мән қабылданады *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:

$$Z_{i\max} = 100/n + 1, \text{ мұнда}$$

(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)

$Z_{i\max}$ – жеке қалыптастырылған өкілдік тізімдерге кіретін барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы і-лік атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны үлесінің максималды мәні пайызбен *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*;

n – тиісті өкілетті тізімдегі бағалы қағаздар атауларының саны;

2) екінші кезеңде:

осы баптың 5 тармағына сәйкес осы атаудың бағалы қағаздары үшін аралық коэффициент есептеледі;

3) үшінші кезеңде:

осы баптың 3 тармағына сәйкес екінші кезеңде есептелген осы атаудың бағалы қағаздары үшін аралық коэффициенттің мәнін негізге ала отырып, көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы олардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі қайта есептеледі;

егер осы атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының алынған үлесі көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық нарықтық "таза" құнының соңғы есептелген $Z_{i\max}$ ең жоғары мәнінен асып кеткен жағдайда, онда осы атаудағы бағалы қағаздар үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті көшу жүзеге асырылады;

4) осы атаудың бағалы қағаздары үшін шектеу коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері кез келген атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының соңғы есептелген $Z_{i\max}$ ең жоғары мәнінен асып кетпейінше қайталаынады;

5) қандай да бір атаудағы облигациялар үшін \overline{BR}_1 шектеу коэффициенті осы атаудағы облигациялар үшін барлық аралық коэффициенттердің көбейтіндісі болып табылады, алынған коэффициент мәні үтірден кейін жеті таңбаға дейін дөңгелектенеді *(осы тармақша Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*.

3. Жеке қалыптастырылған өкілдік тізімдерге кіретін барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі мынадай формула бойынша есептеледі *(осы абзац Биржа Басқармасының 2026 жылдың 12 ақпанындағы шешімімен өзгертілген)*:

$$Z_i = \frac{A_i}{\sum_{i=1}^n A_i}, \text{ мұнда}$$

Z_i – көрсетілген өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы і-атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнының үлесі;

A_i – осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен;

n – көрсетілген өкілетті тізімдегі бағалы қағаздар атауларының саны.

4. Корпоративтік облигациялар индикаторларын есептеу үшін i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны мынадай формула бойынша анықталады:

$$A_i = P_{i,t} \times BR_i, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$ – осы Әдістеменің 8 бабының 8 және 9 тармақтарына сәйкес анықталған корпоративтік облигациялар бойынша соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша i -атаудағы бір корпоративтік облигацияның баға белгілеу бағасы бір корпоративтік облигацияның номиналдық құнынан пайызбен;

BR_i – осы баптың 5 тармағына сәйкес есептелетін i -атаудағы корпоративтік облигациялар үшін аралық коэффициент (осы атаудағы облигациялар үшін шектеу коэффициентін есептеудің бірінші кезеңінде бірлікке тең деп қабылданады).

5. i -атаудағы бағалы қағаздар үшін аралық коэффициент мына формула бойынша есептеледі:

$$BR_i = \frac{Z_{i\max}}{(1-Z_{i\max}) \times A_i} \times (\sum_{i=1}^n A_i - A_i), \text{ мұнда}$$

$Z_{i\max}$ – тиісті өкілетті тізімдегі барлық атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы i -атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны үлесінің осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес анықталған пайыздағы ең жоғары мәні;

n – көрсетілген өкілетті тізімдегі бағалы қағаздар атауларының саны;

A_i – осы баптың 4 тармағына сәйкес осы атаудың бағалы қағаздары үшін алдыңғы аралық коэффициентті пайдалана отырып анықталған i -атаудағы бағалы қағаздардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен.

6. Облигациялар үшін шектеу коэффициенттері корпоративтік облигациялар нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу үшін қандай да бір өкілетті тізімнің әрбір өзгеруі кезінде есептеледі.

Корпоративтік облигациялар үшін шектеу коэффициенттері, егер үлес кемінде 15 сауда-саттық күні ішінде жиынтық осы баптың 3 тармағына сәйкес есептелген корпоративтік облигациялардың индекстері мен индикаторларын есептеу үшін өкілетті тізімдерде тұрған барлық атаулардағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялардың "таза" нарықтық құнын осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес анықталған соңғы есептелген $Z_{i\max}$ ең жоғары мәнінен асатын болса, осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген кезеңділіктен тыс есептелуі мүмкін.

11 бап.

Индекстердің өкілетті тізімдері облигацияларының және корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының жиынтық құнындағы облигациялар құнының үлесін есептеу

1. Осы бапқа сәйкес есептелетін индекстер мен корпоративтік облигациялар нарығы индикаторларының өкілетті тізімдерінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялар құнының үлесі қандай да бір өкілетті тізімдегі осы атаудың облигациялары үшін BR_i шектеу коэффициентін есептеу кезінде пайдаланылады.

2. Индекстер мен корпоративтік облигациялар индикаторларының қандай да бір өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір атаудағы облигациялар құнының үлесі екі кезеңде есептеледі:

- 1) бірінші кезеңде:

осы атаудың облигацияларын шығарған эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнындағы осы атаудың облигациялар құнының үлесі (w_i) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$w_i = \frac{IB_i}{\sum_{i=1}^n IB_i}, \text{ мұнда}$$

IB_i – осы баптың 3 тармағына сәйкес анықталған осы атаудағы облигациялардың жиынтық "таза" нарықтық құны, теңгемен;

n – осы атаудың облигацияларын шығарған эмитенттің өкілетті тізіміндегі облигациялар атауларының саны;

- 2) екінші кезеңде:

осы баптың 1) тармақшасында көрсетілген формула бойынша осы Әдістеменің 12 бабының 2 тармағына сәйкес анықталған эмитенттің аралық коэффициентін ескере отырып, осы атаудың облигацияларын шығарған эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнының үлесі есептеледі.

3. Қандай да бір атаудағы (IB_i) облигациялардың өкілетті тізіміндегі жиынтық "таза" нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$IB_i = P_{i,t} \times Q, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$ – осы Әдістеменің 8 бабының 8 және 9 тармақтарына сәйкес анықталған және бір облигацияның номиналдық құнынан пайызбен көрсетілген соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша осы атаудың бір облигациясының баға белгілеу бағасы;

Q – осы атаудағы облигациялардың саны.

12 бап.

Корпоративтік облигациялар нарығы индекстері мен индикаторларының өкілетті тізімдері облигацияларының жиынтық құнындағы қандай да бір эмитент облигацияларының жиынтық құнының үлесін есептеу

1. Индекстер мен корпоративтік облигациялар индикаторларының қандай да бір өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы бір эмитент облигацияларының жиынтық құнының үлесі бір эмитенттің WRI аралық коэффициенті ретінде пайдаланылады.

2. Облигациялары корпоративтік облигациялар индикаторларының қандай да бір өкілетті тізіміне енгізілген бір эмитенттің аралық коэффициенті мынадай түрде бір немесе бірнеше кезеңмен есептеледі:

- 1) бірінші кезеңде:

осы баптың 3 тармағына сәйкес корпоративтік облигациялар индикаторларының тиісті өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнының үлесі есептеледі;

егер осы тармақшаның екінші абзацына сәйкес алынған үлес соңғы есептелген максималды $W_{i\max}$ мәнінен асып кетсе, онда эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне көшу жүзеге асырылады;

эмитенттің үлес салмағының максималды мәні ретінде ($W_{i\max}$) мынадай формула бойынша есептелген үлкен бүтінге дейін дөңгелектенген мән қабылданады:

$$W_{i\max} = \frac{100\%}{n} + 5\%, \text{ мұнда}$$

n – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны;

2) екінші кезеңде:

бір эмитенттің аралық коэффициенті (WRI) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$WRI = \frac{W_{i\max}}{(1 - W_{i\max}) \times \text{SUM}_i} \times (\sum_{i=1}^n \text{SUM}_i - \text{SUM}_i), \text{ мұнда}$$

$W_{i\max}$ – осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялар құнының пайыздармен көрсетілген өкілетті тізімнің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы жиынтық үлесінің максималды мәні (осы баптың 2 тармағының 1) тармақшасына сәйкес);

n – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны;

SUM_i – осы баптың 4 тармағына сәйкес бір эмитенттің алдыңғы аралық коэффициентін пайдалана отырып анықталған және теңгемен көрсетілген осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық нарықтық құны;

3) үшінші кезеңде:

бір эмитенттің екінші кезеңде есептелген аралық коэффициентінің мәнін негізге ала отырып, осы баптың 3 тармағына сәйкес корпоративтік облигациялар индикаторларының қандай да бір өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы бір эмитенттің барлық облигацияларының жиынтық құнының үлесі қайта есептеледі;

егер KASE_VM сериясы индикаторларының өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы бір эмитенттің барлық облигацияларының жиынтық құнының алынған үлесі $W_{i\max}$ соңғы есептелген максималды мәнінен асып кеткен жағдайда, онда бір эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің екінші кезеңіне кезекті көшу жүзеге асырылады;

4) бір эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнының аралық коэффициентін есептеудің екінші және үшінші кезеңдері корпоративтік облигациялар индикаторларының қандай да бір өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы бір эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық құнының үлесі $W_{i\max}$ -тың соңғы есептелген мәнінен аз немесе оған тең болғанға дейін қайталанады;

5) қандай да бір эмитенттің WRI аралық коэффициенті осы тармақтың 2) тармақшасына сәйкес есептелген осы эмитенттің барлық аралық коэффициенттерінің туындысы болып табылады.

3. Корпоративтік облигациялар индикаторларының тиісті өкілетті тізімінің барлық облигацияларының жиынтық құнындағы осы эмитенттің барлық облигацияларының өкілетті тізіміндегі жиынтық құнының үлесі (W_i) мынадай формула бойынша есептеледі:

$$W_i = \frac{\text{SUM}_i}{\sum_{i=1}^n \text{SUM}_i}, \text{ мұнда}$$

SUM_i – осы баптың 4 тармағына сәйкес анықталған және теңгемен көрсетілген осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық нарықтық құны;

n – облигациялары өкілетті тізімде тұрған эмитенттердің саны.

4. Осы эмитенттің өкілетті тізіміндегі барлық облигациялардың жиынтық нарықтық құны мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{SUM}_i = \sum_{t=1}^n (Q \times P_{i,t}) \times \text{WRI}, \text{ мұнда}$$

$P_{i,t}$ – осы Әдістеменің 8 бабының 8 және 9 тармақтарына сәйкес анықталған соңғы өткен сауда-саттық күнінің нәтижелері бойынша қандай да бір атаудағы бір облигацияның баға белгілеу бағасы, бір облигацияның номиналдық құнынан пайызбен;

Q – осы эмитенттің қандай да бір атауындағы облигациялардың саны;

WRI – осы баптың 2 тармағының 2) тармақшасына сәйкес есептелетін бір эмитенттің аралық коэффициенті (бір эмитенттің аралық коэффициентін есептеудің бірінші кезеңінде бірлікке тең болып қабылданады).

5. Егер i -эмитенттің үлес салмағы осы баптың 2 тармағына сәйкес осы эмитент үшін есептелетін W_i үлесінің рұқсат етілген шамасынан асып кетсе, онда қандай да бір эмитент облигацияларының саны ретінде анықталған Q шамасы осындай белгіленетін облигациялардың санын анықтай отырып, W_i max деңгейінде тіркеледі, бұл ретте айналыстағы облигациялардың саны i -эмитент облигацияларының құнына барынша рұқсат етілген үлес деңгейінде тіркеледі.

4 тарау. ОСЫ ӘДІСТЕМЕГЕ ӨЗГЕРТУЛЕР ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

13 бап. Осы Әдістемеге өзгертулер және/немесе толықтырулар

1. Осы Әдістеме, сондай-ақ оған барлық өзгертулер мен толықтырулар Биржа Басқармасының шешімімен бекітіледі және Биржа Басқармасы анықтаған күннен бастап күшіне енеді.
2. Осы Әдістемеге өзгертулер және/немесе толықтырулар, оның ішінде индекстер мен индикаторлар есептерінің өзгерістері енгізілген жағдайда, келісілген тұлғалармен кеңесуге жол берілуі мүмкін.

Мүдделі тұлғалармен кеңесулер көзбе-көз немесе сырттай талқылаулар мен кеңесу өткізу арқылы жүзеге асырылады, талқылау нәтижелері шешім қабылдау кезінде олардың пікірлерін ескеру үшін Комитетке ұсынылады.

3. Осы Әдістеменің мәтіні өзгертулер және/немесе толықтырулар ескеріле отырып, осы өзгертулер және/немесе толықтырулар қолданысқа енгізілген күнге дейін кемінде күнтізбелік үш күн бұрын интернет-ресурсында Биржаның (www.kase.kz) орналастырылуға тиіс, бұған редакциялық және/немесе нақтылау сипаты бар және:

– индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу;

- параметрлері индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың өкілетті тізімдерін қалыптастыру;
- индекстерді және/немесе индикаторларды есептеу мақсатында пайдаланылатын бағалы қағаздардың параметрлерін анықтау тәртібіне ықпал етпейтін өзгертулер және/немесе толықтырулар кірмейді.

14 бап. Индекстер мен индикаторларды есептеуді тоқтату

1. Индекстер немесе индикаторлар есебі тоқтатылған жағдайда, сондай-ақ индекстің немесе индикатордың есебіне өзгертулер енгізілген жағдайда немесе нарық құрылымының өзгеруіне байланысты немесе өзі өлшейтін көрсеткішке қатысты индекстер мен индикаторлардың репрезентативтілігіне әкеп соғатын мән-жайлар бойынша Комитет осындай қолданыстағы индикатор қолданылатын бір жылдан аспайтын өтпелі кезеңнің ұзақтығын анықтайды.
2. Қажет болған кезде Комитет жаңа индикаторға жоспарлы көшуді жүзеге асыру үшін қатар индикаторларды (мысалы, егер бұл мүмкін болса, қолда бар келісімшарттар мен қаржы құралдарымен мәмілелер оны пайдалана отырып, бір мезгілде жаңа индикаторды жариялай отырып орындалуы үшін белгілі бір уақыт кезеңі ішінде қолданыстағы индикаторды есептей алады) енгізе алады. Қолайлы баламаны анықтау мүмкін болмаған жағдайда индикаторды есептеу жаңасын қабылдағанға дейін уақытша тоқтатылады.
3. Таңдау және баламалы индекске немесе индикаторға көшу процесіне конкурстық негізде сайланатын бөгде кеңесші-ұйым тартылуы мүмкін. Биржа қандай да бір көрсеткіштерді анықтау кезінде немесе өзге де мақсаттарда индикаторларды пайдаланатын мүдделі тұлғаларға:
 - 1) индекске немесе индикаторға сілтеме жасайтын келісімшарттарда немесе басқа қаржы құралдарында олар сілтеме жасайтын индексті немесе индикаторды есептеуге елеулі өзгерістер енгізілген немесе олардың күші жойылған жағдайда ойластырылған баламалы қағидалардың болуын;
 - 2) ақша және қор нарықтарына қатысушылардың әртүрлі факторлардың, оның ішінде Биржаға тәуелді емес сыртқы факторлардың индексті немесе индикаторды елеулі өзгерту қажеттігіне алып келу ықтималдығының болуы туралы хабардар болуын қамтамасыз ету үшін шаралар қабылдауды ұсына алады.

15 бап. Бақылау және аудит жүйесі

1. Комитет қажеттілігіне қарай, бірақ жылына кемінде екі рет Индекстер мен индикаторлар жөніндегі комитет туралы қағидаға 2 қосымшаға сәйкес Комитетке ұсынылатын индекстер бөлімшесінің есептерін қарау жолымен индекстер мен индикаторларды қалыптастыру, тарату процесін және осы Әдістеменің өзектілігін бақылаудың тиісті жүйесін қамтамасыз етеді.
2. Осы Әдістеме қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу және тарату процесін құжаттамалық рәсімдеу болып табылады.
3. Уәкілетті органның немесе Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сұратуы бойынша Биржа қор нарығының индекстері мен индикаторларын есептеу және тарату тәртібі туралы толық ақпаратты, сондай-ақ индекстер мен индикаторлардың мәндері туралы мәліметтерді ұсынады.

4. Комитет индекстер мен индикаторларды қалыптастыру және тарату процесінде мыналарды қамтамасыз етеді:
 - 1) Биржа мен биржалық нарыққа қатысушылар болып табылатын мүдделі тараптар арасындағы мүдделер қақтығыстарын реттеу;
 - 2) индекстер мен индикаторларды қалыптастыру процесінің адалдығы мен тиісті сапасы, атап айтқанда: олардың көздерін тиісінше тексеруді қоса алғанда, индекстер мен индикаторларды қалыптастыру үшін шынайы кіріс деректерін беруді ынталандыру жөніндегі шаралар, есептілік тетіктерінің тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар, операциялық тәуекелдерді қоса алғанда, сапалы инфрақұрылымды, тәуекелдерді басқару саясаты мен процедураларын қамтамасыз ету, сондай-ақ индекстерді есептеу әдістемесін келісу жөніндегі іс-шаралар және нарыққа қатысушылармен индикаторлар;
 - 3) ақша және қор нарықтары индикаторларының әдіснамасы мен есептеу саласында кәсіби білімі бар жұмыскерлердің индекстер мен индикаторларды қалыптастыруы.

5 тарау. КОМИТЕТТИҢ ИНДЕКСТЕР МЕН ИНДИКАТОРЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЕРЕКШЕ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

16 бап. Комитеттің индекстер мен индикаторларға қатысты ерекше өкілеттіктері

1. Комитет осы Әдістемеді белгіленген өкілеттіктерден басқа, Комитеттің пікірі бойынша осы мәндерге репрезентативті емес әсер ететін мәмілелердің және/немесе өтінімдердің параметрлерін олардың есептеулерінен алып тастау арқылы индекстер мен индикаторлардың мәндерін түзетуге құқылы (мысалы, орындалмаған мәмілелерге, жасалуы кезінде техникалық қателер жіберілген мәмілелерге, бағалары тиісті бағалы қағаздар бағаларының нарықтық жай-күйімен және/немесе нарықтық динамикасымен анық үйлеспейтін мәмілелерге немесе өтінімдерге).

Комитет қандай да бір мәміленің немесе өтінімнің (қандай да бір мәмілелер және/немесе өтінімдер) параметрлерін қандай да бір индикатор есебінен алып тастау туралы шешім қабылдаған жағдайда, осы индикаторды тиісті қайта есептеу осы индикатордың репрезентативтік емес мәні алынған күннен кейінгі жұмыс күнінен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Индекстер мен индикаторлардың көрсетілген мәндерінің репрезентативтілігі мен барабарлығына теріс әсер ететін мән-жайлар туындаған жағдайда, Комитет индекстер мен индикаторлардың көрсетілген мәндерінің дұрыстығын қамтамасыз ету үшін кез келген іс-қимыл жасауға, оның ішінде индекстер мен индикаторларды есептеу үшін өкілетті тізімдерді кезектен тыс тәртіппен қайта қарауға құқылы.

Нарық жай-күйінің өзгеруіне байланысты емес және осы Әдістемеді көзделмеген, бірақ қандай да бір индекстің немесе индикатордың мәніне елеулі әсер еткен техникалық іркіліс немесе стандартты емес жағдай туындаған жағдайда Комитет осы Әдістемеді анықталған шектеу немесе түзету коэффициенттерін кезектен тыс есептеу туралы шешім қабылдауға құқылы.

2. Комитет осы баптың 1 тармағына сәйкес өзінің ерекше өкілеттіктерін пайдаланған кезде оның отырысының хаттамасында осы өкілеттіктерді пайдаланудың себептері және осы өкілеттіктерге сәйкес өзі қабылдаған іс-әрекеттер көрсетілуге тиіс.

17 бап. Тұжырымды қағидалар

1. Осы Әдістеме Биржаның интернет-ресурсында жариялануға тиіс.
2. Осы Әдістемеге өзгертулерді және/немесе толықтыруларды уақтылы енгізу (өзектендіру) жауапкершілігі Биржадағы индекстер мен индикаторларды есептеуді қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшеге жүктеледі.
3. Осы Әдістеме қажеттілігіне қарай өзектендіруге жатады.

Осы Әдістеме осы Әдістеме қолданысқа енгізілген күннен бастап, ал ол өзектендірілген жағдайда – соңғы өзгертулер/толықтырулар қолданысқа енгізілген күннен бастап есептелетін жылына кемінде бір рет өзектендіру қажеттілігіне қайта қаралуға жатады.

Басқарма төрайымы

А.Ө. Алдамберген